

Үздік тәжірибе  
үмітті ақтайды



Поэзия – жоқтан  
бар болудың негізі



Жас спортшыларға  
жігер сыйлады



# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 7 ҚАРАША, 2024 ЖЫЛ №125 (23 447)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## • БРИФИНГ

# Аймақ дамуы Астана төрінде таразыланды

Қарағанды бүгінде еліміздің индустриялық жүрегі ғана емес, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, кәсіпкерлік кең қанат жайған өңірге айналды. Аймақтың орналасқан орнының өзі – оны аса ірі көлік-логистикалық орталыққа айналдыруға негіз. Ал, табиғи алуандығы туристік әлеуетін қарқынды дамытуға мүмкіндік береді. Мұның бәрі түпқазық ретінде облыс экономикасын әртараптандыруға үлкен сеп болды. Соның арқасында өңірдің келбеті мен тыныс-тіршілігінде оң өзгерістер орын алуда. Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтың биылғы тоғыз айдағы көрсеткіштерін сөз етті. Сонымен қоса, республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берді. Ретімен тарқатайық.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Өңір экономикасында өсім бар

Жыл басынан бері облыстың экономикалық көрсеткіші 113,1%-ға жетті. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,8 триллион теңгеден асты. Оның 2,2 триллионы – өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Бұл ретте аймақ басшысы өңіріміздегі аса ірі кәсіпорын – Qazmet компаниясының орны ерекше екенін атап өтті.

– Биылғы Мемлекет басшысының тапсырмасымен негізгі инвесторы ауысып, кәсіпорында жаңғырту жұмыстары басталғанын білесіздер. Биылғы тоғыз айдың көрсеткіші бойынша шойын, құрыш пен жалпақ прокат өндірісі 12%-дан 21%-ға дейін өсті. Жаңа инвестор жұмысқа кіріскенде сегіз шахтаның үшеуі ғана жұмыс істеп тұрған еді. Қазір олардың саны жетіге жетті, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кеншілердің қауіпсіздігі үшін іздеу және позитивті

циялау жүйесі енгізілді. Қазір бұл жүйе «Қазақстан» және Күзембаев атындағы екі шахтада жұмыс істейді. Келесі жылы барлық шахталар қамтыламын.

Аймақ басшысының айтуынша, жыл басынан бері облыстың экономикасына 679,1 млрд теңге инвестиция құйылды. Бұл өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 14,6%-ға артық.

– Облыста жаңа екі кәсіпорын ашылады. Жалпы, жыл соңына 200 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған тағы сегіз жобаны іске қосамыз. Бұл 2600 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Ірі жобалардың қатарында мыс және ферросилиций өндіретін зауыттар бар, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

### Аграрлы аймақ болуға мүмкіндік зор

Аграрлық сектор аймақтың атын шығаратын жетекші салалардың біріне айналып келеді. Облыс ауыл шаруашылығы өнімін өндіру бойынша республикада 7-орынға табан тіреген. Біздің шаруалар аймақты ғана емес, Елорданы да азықтүлікпен қамтып отыр. Оның үстіне биыл аймақ дикандары рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, 1 миллион 300 мың тонна астық қамбалады. Мұндай көрсеткіш соңғы 13 жылда болмағанын атап өтті Ермағанбет Қабдулаулы.

► 3-бет

## • МӘСЕЛЕ

# Мал ұрлығы мазалап тұр

Мал ұрлығына қатысты Заң күшейгенімен, ұры-қарылардың тыйылар түрі жоқ. Көбіне төрт түлік тоғыз жолдың торабындағы ауылдардың жайылымынан, қораларынан қолды болады. Биылдың өзінде дәл осындай 26 қылмыстық іс тіркелген. Кейінгі ұрлық әлеуметтік желіде кең таралып, ауылдағы ағайынды, тіпті, алаңдатып қойды. 40 жылқы тиіп алған «КамАЗ» жүк көлігі мал ұрлығын алдын алу үшін қойылған блок-бекетте құрықталды.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### 40 жылқыны жоқ қылған кім?

«2 қараша күні таңғы сағат 04:00 шамасында Қарағанды қаласына кіреберісте орналасқан мал ұрлығына қарсы бекетте тұрған полиция қызметкерлері 57 жастағы азаматтың басқаруындағы «КамАЗ» автокөлігін тоқтатты. Көлік ішінде жүргізушімен қоса 57 жастағы азамат және оның 29 жастағы ұлы болды. Ал, көліктен 40 жылқы анықталды. Жүргізушінің айтуынша, жылқылар 57 жастағы жолаушыға тиесілі екен, алайда, тексеріс кезінде жылқылардың нақты оған тиесілі екенін анықтайтын құжаттары болмады. Олар жылқыларды Ақтоғай ауданына қарасты қыстақтардың бірінен қалаға сатуға әкеле жатқаны анықталды.

► 4-бет

## • РЕСМИ

# Заң жобалау жоспары бекітілді

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Үкіметтің 2025 жылға арналған Заң жобалау жұмысының жоспары мақұлданды. Жаңа редакцияда 6 Заң жобасын әзірлеу, сондай-ақ, қолданыстағы 13 нормативтік-құқықтық актіге түзетулер енгізу қажет.

Премьер-Министр 19 Заң жобасының 12-сі Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталғанын атап өтті. Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдар экономиканы орнықты дамуына, денсаулық сақтау жүйесін және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды заңнамалық бастамалар топтамасын дайындауы тиіс.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде жоспар жобасы қаржы нарығын тұрақты дамытуға және кәсіпкерлік субъектілері мен азаматтардың экономикалық белсенділігін ынталандыруға бағытталған «Банктер және банк қызметі туралы» жаңа Заңды әзірлеуді көздейді. Сондай-ақ, сайлау заңнамасын, мемлекеттік қызметті, міндетті медициналық сақтандыруды, денсаулық сақтауды дамытуды, баламалы энергия көздерін, телекоммуникация нарығын және деректер орталықтарын жетілдіруге ерекше назар аударылды.

Үкімет мүшелері ұсынған жоспар жобасын мақұлдады. Өз тілшімізден

## • БАСПАСӨЗ – 2024

# Газет – ой азығы

«Saryaqqa Aqragat» медиахолдингінің құрамындағы облыстық қос басылым биылғы жазылу науқанында оқырмандарына зор мүмкіндік ұсынып отыр.



Қазір газетке жазылу оп-оңай. «Kaspi» қосымшасы арқылы жақынға сыйлық ретінде тарту ете аламын. Отан сүйген, мемлекетшіл адамның үйінде газет болуы тиіс. Ақпарат заманы қандай қарқынды болса да, газеттен ұзауға болмайды. Ойдың көзі ашылса, оқудан ашылады. Оқу – адам жанын нұрандырады, тәрбиелейді. Осы себеп үшін газет оқимын.

Әріптестерімнің еңбегін бағалаймын. Газет мемлекет үшін өте маңызды. Газет бетінде салмақты сараптама жасалып, ілкімді ойлар айтылады. Газет – ой азығы.

Бір кезінде Алаштың сәулелі ерлері «қазақтың төл басылымы болуы керек» деп еңбек етті. Газеттің жарыққа шығуына бәріміз қолдау көрсету керекпіз деп есептеймін. Әлеуметтік желі бара-бара адамның ойын қысқартатыны белгілі. Бір секунд ішінде мұхиттың келесі жағында не болып жатқанын білуге болады. Әлбетте, бұл – жақсы. Бірақ, сапалы мәтін – санаға керекті.

«Оқу – білім қазығы, Адамның азығы. Оқу – өмірдің сәні, Тіршіліктің шамы» деген Сәкен Сейфуллин.

Олай болса, барша жерлестерімді «Kaspi» қосымшасын пайдаланып, «Қазпошта» бөлімшелерін жағаламай-ақ облыстық басылымдарға жазылуға шақырамын!  
**Жәнібек САДЫХАНОВ,**  
облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы,  
Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылулар үшін	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»  
ГАЗЕТІНЕ

QR Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 532.62

•USD/KZT 488.91

•RUB/KZT 5.00

•CNY/KZT 68.83

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
6 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша



## Үздік тәжірибе үмітті ақтайды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру – денсаулық сақтаудың негізгі бағыттарының бірі. Бұл орайда медициналық-санитариялық алғашқы көмек мекемелерінің жұмысы ерекше маңызға ие. Былтырдан бастап ашылған үздік тәжірибелер орталығы емханалар жұмысын реттеп, жетілдіруге ықпал етуде. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев аппараттық жинауда мұндай орталықтар тәжірибелерін барлық емханаларда ашуды тапсырды. Және бұл жұмысты келесі жылдың соңына дейін аяқтауды міндеттеді.



Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенованың айтуынша, аймақта медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін 37 ұйым бар. Олар емханалар жүктемесін азайтып, қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл қызмет желісін кеңейту бір емханадағы учаскелер санын 40-45-тен 12-16-ға дейін қысқартып, қадамдық қолжетімділік мүмкіндігін жасап отыр.

– Үздік тәжірибелер орталығы былтыр алғаш рет Қарағандыдағы №3 емханада ашылды, – деді Бибігүл Төлегенова. – Жыл басынан бері тағы төртеуі, оның ішінде, Теміртау мен Балқаш қалаларында ашылды. Сондай-ақ, Осакаров ауданындағы аудандық аурухана жанынан да орталық ашуды жоспарлап отырмыз. Үздік тәжірибелер орталығының жұмыс қағидалары 28 емханада ішінара енгізілді. Мұнда халыққа отбасылық қағида бойынша сапалы медициналық, психологиялық және әлеуметтік қызмет көрсетуге баса назар аударылады.

Үздік тәжірибелер орталықтары бірнеше бағытта жұмысы істейді. Оның біріншісі – мультидисциплинарлық командалардың жұмысы. Оның құрамына отбасылық дәрігер, әлеуметтік қызметкер, психолог, акушерка және үш медбике кіреді. Бибігүл Райханқызының айтуынша, бұл топ медициналық қана емес, әлеуметтік мәселелерді де шешуге ықпалдасады. Бұл мақсатта жергілікті әкімдіктермен, жұмыспен қамту орталықтарымен, әлеуметтік қорғау қызметі және кризистік орталықтармен жұмыс жолға қойылған.

– Барлық емханаларда әлеуметтік қызметкер лауазымы енгізілді. Олардың негізгі міндеті – учаскедегі әлеуметтік осал топ санатындағыларды анықтау және қолдау шараларын ұйымдастыру. Яғни, анықталған мәселе жан-жақты қаралады. Бұған дейін әлеуметтік қызметкердің жұмысы

мұндай нәтижелі болмаған еді, – дейді Бибігүл Төлегенова.

Оның айтуынша, 324 мультидисциплинарлық команда жұмыс істейді. Олардың бақылауында 17 әлеуметтік осал топ санаты бойынша 112 847 адам бар.

Үздік тәжірибелер орталығында бірқатар жобалар жүзеге асырылатынын да айту керек. Мәселен, «Наукас көзімен алғашқы 5 минут», «Халық кеңесі», «Дұрыс тамақтану мектебі», «Денсаулық мектебі» жобалары жұмыс істейді. Сүт бездері қатерлі ісін анықтауға, инсульттің алдын алуға оқытатын жобалар да бар.

– Бірінші қыркүйектен бастап №1 және 3 емханаларда «Салауатты мектеп» жобасы қолға алынды. Оған №4, 21, 64, 78 мектептер қатысады. Жоба саламағты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, денсаулыққа қатысты сауаттылықты арттыруға, сонымен қатар, ерте жүктіліктің алдын алуға бағытталған, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Емханаларда партонаждық қызмет бөлімі жасакталған. Ондағы медбикелер қабылдаудан босатылып, жүкті және 5 жасқа дейінгі балаларға жауапты болады. Бүгінгі таңда мұндай қызметпен айналысатын 252 медбике бар.

Жалпы, медициналық мекемелердегі қызметті жетілдіру мақсатында медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру маңызды. Жыл бойы ұйымдастырылған арнайы тренингтер барысында медициналық бағыттар ғана емес, әлеуметтік қызмет, халық сенімін арттыру, денсаулық сақтауды насихаттау тақырыптары қамтылды.

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Футбол клубында – жаңа басшы



«Шахтер» футбол клубының тізгіні табысты кәсіпкер, қоғам қайраткері және меценат Талғат Дүйсеков тағайындалды. Директорлар кеңесінің шешімі осындай. Футбол клубының жаңа атқарушы директорымен облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей кездесті.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа басшының спорттық менеджмент саласында да тәжірибесі бар. 2022-2023 жылдары Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының құрамындағы «Асық ату» бірлестігін басқарды. Қысқа мерзім ішінде ұйымдық құрылымды қалыптастырып, асық ату алаңында тұңғыш рет Азия чемпионатын өткізген.

Жаңа басшыға «Шахтер» клубын қазіргі дағдарыстан шығару міндеті қойылды. Сондай-ақ, клубты қайта құрылымдау мен сауықтыру міндеттелді.

Облыс әкімі тапсырмасымен клубтың даму стратегиясын бір ай ішінде әзірленуі қажет. Сонымен қатар, жаңа басшының алдында балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту мәселесін де шешу міндеті тұр.

«Клубтың жаңа басшысы жаттықтырушылар құрамына шетелдік мамандарды тарту туралы келісімге келді. Бүгін команданың жаңа маусымға дайындығын чех менеджері Джери Ярошик жүргізетіні белгілі болды», – делінген клубтың ресми сайтында.

Джери Ярошик – кәсіби футболшы. Ол Ұлыбританияның атақты «Челси» клубында, Шотландияның «Селтигінде», Чехияның «Спартасында» Ресейдің «ЦСКА» командасында ойнап, чемпион болды. Испанияның Примаера дивизионында «Сарагоса» және «Алавес» құрамында табысты өнер көрсетті.



UEFA Pro лицензиясы бар. Ол Еуропа чемпионаттарының жоғарғы дивизиондарында кәсіби клубтарды жаттықтыруға құқық береді. Бұған дейін ол Чехия, Словакия, Словения және Ресей клубтарын жаттықтырды.

Ярошик жаттықтырушылық міндетінен бөлек, қарағандылық футбол мамандарының біліктілігін арттырумен айналыспақ.

• БІЛІМ

## Ұлттық құндылық ұлықталды

Қарағандыдағы №2 Оқушылар сарайында облыстың сынып жетекшілерінің алғашқы құрылтайы өтті. Ұстаздар өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттады. Заманауи білімді меңгерген, саламағты ұрпақ тәрбиелеп жүрген білім саласының қызметкерлері ана тілін кәдірлеуге үйретті.

Педагогтар тәжірибе алмасып, «Үздік сынып жетекшісі» республикалық байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары Алғыс хаттар, дипломдар және сертификаттармен марапатталды.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылтайда ұстаздар қауымы адамгершілік қасиеттер, патриотизм, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы бала тұлғасын қалыптастыру бойынша тәжірибе алмасты. Сынып жетекшілерімен қатар ауқымды кездесу мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары да жиналды.

– Құрылтай рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамытуға көздейді. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ұлттық мәдени құндылықтарды оқушының бойына үйлесімді сіңіру – күн тәртібіндегі мәселе. Ұлттың ұлт



болып қалыптасуы қашан да оның тілі мен ділінің, салт-дәстүрінің бекемдігіне байланысты. Оның негізі – отбасылық тәрбие, – деді

облыстағы білім беруді дамыту үшін оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова.

Суреттер  
ұйымдастырушылардан

• САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

## Су тасқынына дайындық мығым

Бұқар жырау ауданында су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары басталып кетті.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауданда су тасқыны кезеңіне дайындық жаз мезгілінде басталған. Су басу қаупі төнген аумақтарда жүргізілген жұмыстар жайлы төтенше жағдай бөлімінің басшысы мәлімдеді. Төтенше жағдайдың алдын алу үшін қауіпті аумақтарға топырақ төгілді, арналар қазылып, су өткізгіштер орнатылды.

Көктемде Жастілек ауылындағы тұрғын үйлерге су басу қаупі төнді. Сондықтан, аталған учаскеде мамандар арықты кеңейтіп, тереңдетіп, қосымша үш құбыр орнату шешімін қабылдады.

Ғабиден Мұстафин кентінде және Нұра станциясында қорғаныс құрылыстарын күшейту үшін ұзындығы 330 метр жаңа білік салынды. Бұндай шаралар Ынтымақ және Сарытөбе ауылдарында да жүргізілді.

– Қазіргі таңда Сарытөбе ауылындағы Новостройка көшесінде қорғаныс бөгетінің құрылысы аяқталуда. Жанатаулау ауылындағы қорғаныс бөгеттерінің шөгін қалған бөлігі нығайтылып, оны көтеру жұмы-

стары аяқталуға жақын. Мұнда жұмыстың 90 пайызы аяқталды, – дейді Бұқар жырау ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Еркін Жүнісбеков.

Самарқанд су қоймасынан жыл сайын су ағынының көбеюіне байланысты Чкалов ауылында су басу қаупі бар. Нұра өзенінің бойында бөгет салу арқылы аталған аумақтағы бөгеттерді нығайту туралы шешім қабылданды.

Сонымен қатар, Теміртаудан басталған тазарту құрылысының каналы Нұраға қарай бұрылды. Жаңа жасалған каналдың ұзындығы 300 метрді құрайды. Бұл мамандардың пікірінше, су тасқынының қаупін айтарлықтай төмендетуге көмектеседі. 14 мыңнан астам тонна инертті материал дайындалды. Қауіп төнген жағдайда, материал қолданылатын болады.

Сонымен қатар, Ботақара кентіндегі Төрегожин көшесінде жаңбыр суын өткізетін жүйе аяқталды. Байқадам су қоймасының су өткізу учаскелері нығайтылды.

Сурет аудан әкімдігінен

Бұқар жырау ауданы

# Аймақ дамуы Астана төрінде таразыланды

(Соңы. Басы 1-бетте).

— Аграрлық өнеркәсіп кешенінде жыл соңына дейін 23 млрд теңгеден астам сомаға 30 инвестициялық жоба іске асырылады. Ауылдарды дамыту аясында «Ауыл аманаты» жобасын ерекше атап өткен жөн. Мемлекет басшысы халықтың әл-ауқатын арттыру жөнінде нақты тапсырмалар беріп, осы бағдарламаның тиімділігін атап өтті. Біздің облыста «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 483 шағын несиеге 4,4 млрд теңге бөлінді. Оның жартысы мал шаруашылығын дамытуға, қалған бөлігі ауыл тұрғындарының бизнес жобаларына бағытталған. Нәтижесінде ауылдық жерлерде 816 жұмыс орны ашылып, 60-тан астам ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылды, — деді облыс әкімі.

Ол ауыл шаруашылық кооперациясын қолдауға мысал ретінде Ақтоғай ауданындағы «Сақ NS» СК неміс технологиясы бойынша бие сүтін өндіретін цехты, Қарқаралы ауданындағы «Меди-Агро 7» СК ет өнімдері өндірісін атады.

## Кәсіпкерлікке кең өріс

Аймақтың 230 мыңнан астам тұрғыны шағын және орта бизнеспен айналысады. Бұл әр екінші қарақандылықтың кәсіпкерлікпен айналысатынын көрсетеді.

— Қарағанды тек көмір және болат шығаратын алып өндіріс ошағы деген стереотип қалыптасты, — деді өңір басшысы. — Бірақ соңғы он жылда экономика құрылымы жаңарды. Бүгінгі таңда Қарағанды — сауда мен қызмет көрсету саласының үлесі жоғары орталыққа, агломерацияның негізіне айналды. Кәсіпкерліктің дамуына мемлекеттік қолдау септігін тигізуде.

Облыс әкімі мысал ретінде «Іңкәр 1» металл өңдеу кәсіпорнын келтірді. Мемлекеттің көмегі арқасында ол ау бастағы бес жұмыс орнын 115-ке дейін көбейтті.

— Біз елімізде алғашқылардың бірі болып бөлшек салықты 2%-ға дейін төмендеттік. Нәтижесінде жеке кәсіпкерлердің, бөлшек салық төлеушілердің саны 16 есе өсіп, 2,5 мыңға жетті. Осы жылдың 8 айында шағын және орта бизнесінің салықтық түсімдері 16%-ға артты, — деп толықтырды Ермағанбет Бөлекпаев.

## Мүмкіндікті арттырған логистика

Логистика — Ермағанбет Қабулаулының айтуынша, өңірдің экономикалық өсімінің негізгі бағыттарының бірі. Ол — облыс пен елдің экономикалық тұрғыда дамуындағы маңызды драйвер. Сондықтан, аймақта бұл салаға да баса назар аударылып отыр. Қарағандыда электрондық сауда үшін заманауи сауда-логистикалық қойма ашылады. Облыстың екі әуежайы жаңғыртылады. Облыстық, республикалық маңызы бар жолдар жөнделеді. Мұның барлығы — өңірдің логистикалық инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған шаралар.

Қыркүйек айында Қарағандыда Тез маркетплейсі жұмысын бастады. Қойма терминалдың ашылуы өңірдегі электронды сауданың дамуын жеделдетті. Платформа жылына 27 миллион тапсырыс алады. Бұл бастаманың арқасында бизнесті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Ал, халықаралық логистиканы дамыту үшін жергілікті әуежайды жаңғырту қажет. Аймақ басшысы атап өткендей, әуе айлағы жылына 50 мың тонна жүк тиейін жүк терминалына айналады.

— Бүгінде ол Эквадордан, Нидерланды, Бельгия мемлекеттерінен және Оңтүстік-Шығыс Азиядан коммерциялық жүк рейстеріне

қызмет көрсетеді. Болашақта Қытайдан Еуропаға ұшатын әуе кемелерінің техникалық қонуын ұлғайту жоспарлануда. Балқаш әуежайын қайта құру да — маңызды жоба. Болашақта бұл әуежайдың өткізу қабілетін 30%-ға арттырып, басқа өңірлермен әуе қатынасын жақсартуға мүмкіндік береді, — деді ол.

Жалпы биыл Қарағанды облысында 1032 километр жол жөнделді. Ірі жобалардың бірі — «Қарағанды-Балқаш» автожолын реконструкциялау. Бүгінде асфальт төсеу жұмыстары аяқталды және трассаны қалыпқа келтіру шаралары жүріп жатыр.

Сонымен қатар, «Қарағанды-Қарқаралы» автожолының 115 шақырымды жөндеу жұмыстары аяқталғанын атап өту керек. Қалған 85 шақырымды қайта қалпына келтіру келесі жылы жалғасады. Осылайша, Қарағандыдан Қарқаралыға дейінгі жалпы ұзындығы 200 шақырым жол толығымен жаңаланбақ. Ермағанбет Қабулаулы бұл саладағы келер жылғы негізгі жобалардың бірі «Қарағанды-Жезқазған» республикалық жолын қайта жаңарту екенін тілге тиек етті.



## Аңсаы кепкен ауылдар болмайды

Қарағанды облысында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары үздіксіз жүріп жатыр. Қарағанды, Балқаш, Теміртау және Шахтинск қалаларында 31,5 млрд теңгеге 14 жоба іске асырылуда. 17 шақырым магистральдық жылу желілері ретке келтірілді. Бұл желілердің тозуын 64,4%-ға дейін төмендетеді. Облыстың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында соңғы 30 жылда болмаған ірі жоба — Қарағанды қаласындағы үшінші жылу беру нүктесінің құрылысы аяқталды.

— Қазан айында жаңа жылу желісі іске қосылады. Ол 1,2 млн шаршы метр тұрғын үйді жылумен қамтамасыз ете алады. Яғни 20 мыңнан астам пәтерді қамтиды, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, шалғайдағы елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Биыл 14 ауыл сапалы су құбыры бір жарым мың тұрғынның үйіне тартылған. 26 ауылда шағын блок-модульдер орнатылуда. Бұл ілкімді шаралар облыс халқының 97,6%-ын сапалы сумен қамтуға жағдай жасайды. Брифингте облыс әкімі келесі жылы облыстық барлық қалалары мен аудандарын сапалы ауыз сумен 100% қамтылатынын атап айтты. Сондай-ақ, жеке секторды газдандыру жұмыстарына да тоқталды. Газ желісі 7 621 үйге тартылған. Алайда, олардың 3 573-і ғана табиғи газға қосылды. Бұл ретте газдандыруға қосылуға мүмкіндігі жоқ отбасыларға пайы-

зсыз несие берілетінін де айта кеткен орынды.

Өңірде тұрғын үй құрылысы қарқыны өсуде. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша 380,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,7%-ға артық.

— Жыл соңына дейін 500 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарлануда. Бұл мыңдаған отбасын, соның ішінде, әлеуметтік осал топтарды баспанамен қамтуға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау шараларын пайдаланып, ауылда үйлер тұрғызуда. Қазірдің өзінде 55 мың шаршы метр тұрғын үй, яғни, 755 пәтер салынды, деген Ермағанбет Бөлекпаев кәсіпкерлердің тұрғын үй құрылысындағы рөлін атап өтті.

## Баршаға ортақ игілік

Аймақтың әлеуметтік саласына ойысқан өңір басшысы шалғайдағы елді мекендерде жаңа медициналық нысандарды салу әрі осы сала мамандарының тапшылығын жоюға бағытталған шаралар туралы айтты.

— Президент медициналық қызмет көрсету сапасын арттырып, әр науқасқа ерекше көңіл бөліп, ден-



ошағы бар. Оларда түрлі мамандықтар бойынша 200 мыңға жуық жұмысшы еңбек етеді.

— Мемлекет басшысының келер жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы біздің өңір үшін өте маңызды. Облыс жастарының 60%-ы түрлі кәсіпорындарда жұмыс істейді. Сондықтан

қоршаған ортаға деген айрықша қамқорлықтары үшін алғысын білдірді. Жалпы, өңір тұрғындарының өмір сүру сапасын одан әрі арттыру бағытында еңбек ететіндігін жеткізді.

## Толғақты сұраққа — толымды жауап

Брифинг барысында республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері толғақты сауалдарын жолдады. Барлығы — аймақтың бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты. Дені, облыс халқы ауыз сумен, интернетпен, көмірмен қамту, республикалық және жергілікті жолдардың жай-күйі, «Шахтер» футбол клубына қатысты болды. Журналистерді сондай-ақ, Саран қаласындағы жылыту маусымының қазіргі ахуалы қызықтырды. Ермағанбет Бөлекпаев жылыту қазандықтарындағы сорғы құрылысы техникалық параметрлерге сай келмеуі салдарынан жылыту маусымы кеш басталғанын айтты.

— Сарандағы орталық қазандықта жөндеу жұмыстары биыл аяқталған. Жаңа сорғының қарқын көлемі сәйкес келмегендіктен, кемшіліктер орын алды. Сөйтіп, жөндеу жұмыстары қайта жасалды. Қазіргі уақытта бірінші, екінші қазандық жұмыс істеп тұр, үшінші, төртіншісін қосып жатыр. Бір қазандық қала басындағы 113 үйге жылу беріп тұр. Ал, қалған үйлер қаланың ішіндегі локальді қазандыққа қосылған. Саранда Кеңес үкіметі кезінен бастап орта жауап қазандық болмаған, — деп жылу берудің мәселесін атады. Ол облыс әкімі болып тағайындалғаннан бері жүзеге асырған негізгі үш жұмысының бірі ретінде үшінші жылу беру нүктесінің құрылысын атады. Себебі, 30 жылда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мұндай ауқымды жоба қолға алынбаған екен аймақта. Одан бөлек, шағын және орта бизнес шығындарын субсидиялау көлемін арттыруға бағытталған жұмыс пен ауыл шаруашылығын дамыту шараларын атады.

— Шағын және орта бизнесті субсидиялауды 10 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспары бар. Облыста жұмыссыздық деңгейі республика бойынша ең төмен — 4,1%. Тұрғындардың дені кәсіпкерлікпен айналысады, — деді облыс әкімі.

Ауылдарды интернетке қосу туралы сауалға жауап беріп, аймақта 148 ауылда интернет жоқ екенін айтты.

— «Қазақтелеком» компаниясының басшысы Бағдат Мусинмен кездесіп, интернеттің сапасы жайында сөз қозғайды. Тасымалдаушы байланыс жабығын, оптикалық-талшықты байланыс желісін тартуды көздеп отырмыз. Сол жоспарды жүзеге асыру жолында тиісті жұмыстар атқарылады, — деді ол.

Сонымен қатар, жаңа инвестор келгелі Qatmet компаниясының қызметі мен оның экологияға зиялы азайту турасындағы сұрақтарға да жауап берді.

— Qatmet компаниясында 35 мыңнан астам жұмыс істейді. Ол — жүйе құрушы үлкен кәсіпорын. Ондағы кейін орын алған оқиғалар қосалқы мердігерлердің жұмысынан туындап отыр. Жаңа басшылық келген бетте кәсіпорынның барлық проблемалық тұстарын зерделеп, дереу әрекет ету керек учаскелерді анықтады. Қазір 50 мың шаршы метр шатырды жаңарту, цех жабдықтарын жаңалау, санитарлық талаптарға жөндеу жұмыстары қолға алынған. Жұмыскерлерді тасымалдау, керек-жаракпен қамтамасыз етуде бұрынғыдай мәселелер жоқ. Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, еңбек инспекциясы бірлесіп жұмыс атқаруда. Комбинат табиғи газды пайдалануға көшуді жоспарлап отыр. Қалада ағаш отырғызу міндеттемесі бар, оны орындап жатыр. Qatmet компаниясының бұрынғы басшылығы өндірістік қалдықтарды қайта өңдемеген. Бүгінде 200 млн тоннадан астам қалдық бар, жаңа инвестор бұл мәселенің шешімін табады деп ойлаймын. Себебі, әлемнің барлық елінде өндірістік қалдық қайта өндірілуіне жатады, — деді Ермағанбет Қабулаулы.

«Шахтер» клубына да қатысты бірқатар сұрақ қойылды. Аймақ басшысы клубқа әкімдік тараптан тиісті көмектің барлығын көрсетілетінін, демеушілердің көмегімен қарыздарының жабылғанын да айтты.

— Жалпы менің ойымша, «Шахтер» жергілікті футболшылар ойнау керек. Қазір белгілі болғандай, клубта өз ойыншыларымыз аз болған. Осы мәселелер бойынша мамандармен арасында бой көтерді. Жыныс қорытындысы бойынша Балқаш, Теміртау, Қарағанды және басқа қалалардан балаларға арналған академия ашамыз деп келістік. Екіншіден, бапкерлерді де даярлаймыз. Арнайы мамандар шақырып, біліктіліктерін арттырамыз. Сосын инфрақұрылымды дамыту керек. Жаңа стадион құрылысын бастаймыз. Орын белгілі, қаланың бас жоспары бойынша ол Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс аудандары арасында бой көтереді. Көлемі — 60 гектар. Қазіргі стадионның салынуына 60 жылдан астам уақыт өтті. Стадионның тозығы жетті, — деді әкім.

«Біз аймақ басшысына жолданған сауалдардың маңызды дегендерін ғана алып отырмыз. Сан-салалы сұрақ жолданып, толғақты сауалға толымды жауап берілді. Тиынақты жұмыс атқарған басшы ешқашан тығырыққа тірелмейді. Мүдірмейді де.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан алынды

**БІЛІМ**

**БАЛАЛАРДЫ ҚАМТУ**  
2 ден 6 жасқа дейін **84,0%**  
3 тен 6 жасқа дейін **100%**

**74,3** мың оқушы тегін тамақтанады

**1 231** оқушыны тасымалдау

**«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ**

**2024 жыл**  
**5 мектеп**

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша **140** адам көтеріне жәрдемақы алды

**ЖАҢА ОРЫНДАРДЫ АШУ ЖОСПАРЫ**  
**2105** орынға арналған **6** мектепке дейінгі мекеме

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ**

**АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ**

**92** Барлығы айналысады

**14** Салындаы

**27** 2024 ж.

**51** 2025 ж.

Балқаш және Теміртау қалаларында **2** көпсалалы ауданаралық аурухана салындаы

**МАМАҢДАРМЕН ҚАМТУ**

**ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ЖӘРДЕМАҚЫ**  
**63** адам

**407** МАН ТЕНГЕГЕ 1,5 МЛН НАН 8,5 МЛНҒА ДЕЙІН

**ДӘРІГЕРЛЕРГЕ БАСПАНА**  
Қарағанды қаласында **94** пәтер, Балқаш қаласында **30** пәтер, Бұқар жырау ауданында **45** пәтер



# Мал ұрлығы мазалап тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жылқылардың нақты кімге тиесілі екенін анықтау мақсатында көлік полиция бөліміне жеткізілді. Криминалдық полиция қызметкерлері жылқыларды суретке түсіріп, Ақтоғай аудандық полиция бөліміне жолдап, кейін олар ауыл тұрғындары отыратын WhatsApp чатқа таратқан. Онда таратылған фотолардың нәтижесінде аудан тұрғындарының жылқысын бағатын бақташы өзіне тиесілі екі жылқыны таныды. Қазіргі уақытта барлық жылқы Үштөбе ауылындағы үйлердің бірінің қорасына түсіріліп, ол жерге полиция қызметкерлері күзет қойды. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Тәртіп сақшылары қылмыстық істің негізінде басқа да жәбірленушілерді және қылмысқа қатысты тұлғаларды анықтау бойынша кешенді іс-шараларды жүргізіп жатыр», – деп мал ұрлығына қатысты аймағымызда тіркелген соңғы дерек бойынша хабар таратты «Polisia.kz» ақпараттық медиа порталы.

Сонымен, Ақтоғай жайылымындағы 40 жылқыны жоқ қылған кім? Оны тергеушілер ақ-қараны анықтап, сот үкімі бекіген соң білеміз.

## Әккілердің әлі құрылды

Естеріңізде болса, 2019 жылы Мемлекет басшысы Үкіметке мал ұрлайтындарға жазаны күшейтуді ұлғайттырған еді. Келер жылы Президент пәрменінен соң Қазақстанның Қылмыстық кодексіне «Мал ұрлығы» деген арнайы бап енгізілді. Заң күшіне енген соң құзырлы органдар мал ұрлауды кәсібіне айналдырып келген кәсіп иелерінің қылмыстық топтарды құрықтады.

Мысалға, сондай бір қылмыстық топты ұйымдастырғанның бірі 10 жылға, оның көмегіші 9 жылға сотталды. Олар төрт ай бойы мал ұрлап келген. Жаңаарқа ауданы, Жәніс ауылынан қорадан бір жылқыны қолды қылған. Қарамұрын станциясына қарасты жолдың бойынан үш жылқы атып алған. Бұқар жырау ауданынан 24 жылқыны айдап әкеліп, сойып, мал базарға құжатсыз өткізген. Павлодар облысы Ақсу қаласының маңайындағы жайылымынан 30



Қолжазыл жасаған А.Қосқынбаев

жылқы айдап әкеліп, жасырады. Көп ұзамай, осы бір ұрлықтан соң құзырлы органдардың құрығына түседі. Осы секілді ірі қылмыстық топтарды жауапкершілікке қатаң тартқан соң, көп ұрылар дамыл-дағандай еді.

Заң күшіне енбей тұрған уақытта мал ұрлығына қатысты жылқына 300-400-дей қылмыстық іс тіркелген көрінеді. Мәселен, Заң қабылданбастан бір жыл бұрын облыста 200-ге жуық ұрлықтың беті ашылған. Ал, бытырғы көрсеткіш 42-ні құрайды.

Не десек те, полиция департаменті берген мәліметке қарап, қатаң жаза, жаңа Заңның әккі ұрыларды әлсіреткенін анық көруге болады.

## Бағусыз мал – ұрыға олжа

Қарағанды облысы полиция департаменті криминалдық полиция басқармасының басшысы, полиция подполковнигі Аслан Өскенбаев бағусыз мал жиі ұрланады дейді.

– Бағусыз жүрген мал – әрине, ұрыға оңай олжа. Осыдан екі-үш жыл бұрын облыстық мәслихат мал бағу қағидасын бекіткен болатын. Содан қазір бағусыз мал иелеріне әкімшілік хаттама толтырылады. Қазір осы мәселеге қатысты түрлі кешенді іс-шаралар қолға алынып жа-

тыр. 2019 жылдан бері мал ұрлығын алдын алу үшін қойылған блок-бекеттер де өз тиімділігін көрсетуде. Облысымызда дәл осындай 18 бекет бар. Әсіресе, қыркүйек-желтоқсан айында тексеріс күшейеді. Мысалы, ешқандай құжаты жоқ 40 жылқы тиген «КамАЗ» жүк көлігін Оңтүстік-Шығыс ауданындағы блок-бекеттен ұстадық. Мұнымен қоса, мал базарларында да блок бекеттер бар.

Түнгі еқ-үштен бастап, таңға дейін малдың барлық құжаты тексеріледі. Осы орайда, мынадай мәселе барын да айта өтейін. Кейбір ауылда мал басын анықтайтын, оның сойылғандығын растайтын құжатты беретін ветеринар маманы жоқ. Болған күннің өзінде олар сенбі, жексенбі жұмыс істемейді. Кейбір фермерлер малын құжатсыз әкеледі. Содан біз ауылдың тәртіп сақшысына шығып, жұмысты көбейтіп аламыз. Осы мәселеге ауыл шаруашылығына жауапты мамандар назар аударса дейміз, – дейді Аслан Алданұлы.

Полиция подполковнигінің сөзінше, биыл екі қылмыстық топ ұсталған. Біреуін жылдың басында Бұқар жырау ауданында қолға түсірген. Ұйымдасқан топ төрт қорадасы қойды қолды қылған. Бір қорадан жылқыны жетектеп әкеткен. Бұл –

Тұзды ауылында тіркелген ұрлық. Алдын ала қораға барлау жасаған олар жылқыны алып шыққан соң 15 шақырымдай ұзап кеткен. Тергеу жұмыстарынан бір жерден ұрының табан ізін, бір жерден тек жылқының ізін аңғарған. Сөйтіп, шөбі қалыңдау жерге дейін барып, ізін жасырған.

Қазан айында Бұқар жырау ауданындағы жайлаудан 12 асыл тұқымды сиыр ұрлаған тағы бір қылмыстық топ анықталды. Тергеу жұмыстары әлі жүріп жатқан соң бұл жайлы ашып айтады полиция подполковнигі.

## «Ветеринарлардың құқығын күшейту керек»

Ауыл шаруашылығы саласының әксперті Никанбай Омарханов осылай дейді. Өйткені, бұл мәселеде ветмамандардың полициеймен бірігіп жұмыс істеуі қажеттігін айтады.

– Мал ұрлығының басты себептерінің бірі – ол ұйымдасқан мал бағмының жоқтығы. Әрине, бұл арада шаруа қожалықтары өз малын бағады, қадағалайды. Көбіне ұрланатын – шағын шаруа иелерінің малы. Әсіресе, жекеменшіктегі жылқы малында біріншіден, есеп жоқ, екіншіден, жыл он екі ай

несіз жүреді. Малы жоғалса, қашан жоғалғанын да білмейді. Уақыт оздырғаннан кейін ғана полицияға хабарласады. Немесе полиция өзі келіп айтқанда ғана біледі. Мал ұрлығының тағы бір себебі – нақты есептің жоқтығынан. Бұл да, негізінен, үй шаруашылықтарына байланысты. Қазір әкімдер мал есебіне жауап бермейді. Ауыл әкімінде ветеринар маман жоқ. Қысқартылған. Тек ИСЖ арқылы сырғалау, таңбалау, чиптеу ерікті түрде. Жеке шаруашылықтар малын жасырады. Үшіншіден, қаладағы базарлардың ет алуында есеп жоқ. Етті көтерме бағада өткізеді де, кете береді. Осы орайда облыстық ветеринарлық аумақтық инспекцияның жұмысы әлсіз. Өйткені, олар Заң аясынан шыға алмайды. Яғни, арнайы мәртебесі бар базарларды, болмаса ет сату орындарын қадағалай алмайды. Сондықтан, полиция мен ветеринарлық инспекция бірге жұмыс істеуі керек. Ол үшін ветинспекциядағыларға берілген құқықтың аясын ұлғайтып, Заңға өзгеріс енгізу қажет, – дейді Никанбай Иманғалиұлы.

## Жаңа әдістемелік жұмыстың жүгі

Жақында Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу институтының Ішкі істер органындағы тергеу қызметінің проблемаларын зерттеу орталығы мал ұрлығын тергеу бойынша әдістемелік ұсыным әзірлеген еді.

– Қазір мал ұрлығы өршіп тұр. Осыған байланысты академияның ғылыми-зерттеу орталығындағы ғалымдар мал ұрлығына қарсы күресте тергеу тиімділігін арттыру үшін тергеушілер мен желделуші қызметкерлеріне арнап, әдістемелік ұсынымдар дайындап шықтық. Мұндай ұсынымдар Ішкі істер министрлігінің пәрменімен еліміздің өңір-өңірлерге таратылып, полиция қызметкерлеріне басылымға алу мақсатында жасалады. Өйткені, мал ұрлығы азаймай отыр. Осыған байланысты мал ұрлығын тергеу және ашу әдістемесін жан-жақты дайындаудың

қажеттігі өзекті де зору іс, – дейді әдістемелік ұсынымды әзірлеген орталықтың қызметкері, полиция подполковнигі Динара Төлебаева.

Полиция департаментіндегілерге ұсынылған әдістемелік жұмыста тергеушінің мал ұрлығы туралы істер бойынша қажетті тергеу әрекеттерін ұйымдастыру, жүргізу кезінде ескерілуі тиіс іс-қимылдарының алгоритмі бар. Мұнымен қоса, сотқа дейінгі тергеу-тексеру органының іс-әрекеті мал ұрлығының мән-жайын, қуәгерлердің айғақтары негізінде күдіктілерді анықтауға, ұрланған малды өткізген жер, оларды уақытша қамаған орындарды қалай ашу жөнінде нұсқаулар ұғынықты көрсетілген.

Бұдан біз әдістемелік ұсынымның мал ұрлығын ашу үшін атқаратын маңызын аңғарып отырмыз. Ол да болсын ұрылардың түрлі тәсілін өшкереілі отырып, қылмысты ашуды жеңілдетіп, келе-келе қарақшылардың мүмкіндігіне мұрша бермейді. Мінеки, жаңа әдістемелік ұсынымның осындай жүгі бар.

## Сөзтүйін

Бүгінгі күні қолданыстағы «чиптің» көмегі мол дейді мамандар. Бағасы түрлеріне қарай – 70-80 мың теңге. Үйіріңіздегі айғырдың немесе бас білетін жылқының мойнына трекер арқылы орнату қажет. Сосын ұялы телефоныңызға қосымшасын жүктеп, картаның көмегімен қайда жүргенінен хабарлау боласыз. «Көбісі, қымбатсынып, мақұл көрмейді. Десек те, біраз шаруа қожалығының иелері игіліктеріне жатпайды. Құрылғы арқылы мал ұрлаған қылмыскерлерді ұстау оңайға соғады», – дейді Аслан Алданұлы.

Ұры айтып келмейді. Қораңызға құлып салғанды әдетке айналдырған жөн. «Ел ішіндеміз ғой» деген жалған сенім опық жегізеріне жоғарыдағы көрсетілген қылмыскерлердің фактісі кепіл.

Кемелгер Абайдың «Қазақтың міні – мал ұрлығы» деген сөзі өміршең секілді көрінеді. Бұл мәселенің әлі де қоғам қотыры екені қаймана қазақты қынжылтатын.

# Экомәдениет мектептен басталады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Баршанызға мәлім, қазір «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Бұл – өте маңызды әлеуметтік, тіпті, саяси жоба. Оның түпкі мәні – ұлтты ортақ іске ұйыстырып, елімізді көркейте түсу, халқымыздың жаңа экологиялық сана-сезімін дамыту. Бұған, ең алдымен, өздеріңіз сияқты адал азаматтар ұйытқы болады. Ел мүддесі үшін жасалған еңбек пен ерлік ешқашан ұмытылмайды», – деген болатын.

«Таза Қазақстан» акциясы басталғалы аймақтағы көшелер мен ауалар абаттандырылып, қоғамдағы бірлік нығая түсті. Халық арасында бір-біріне тілеуестік рухын оятатын акция оқушылар арасында үлкен қолдауға ие. Бүгінде оның бір тармағына айналған «Эко-Қаһарман» байқауы мәресіне жетті.



## Ауылм СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осы орайда Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Эко-Қаһарман» байқауына қатысқан барлық мектептерге, мұғалімдер мен оқушыларға шын жүректен алғыс білдірді. Олай дейтініміз, жоба қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастырып, қалдықтарды жинау және қайта өңдеу арқылы балалардың экологиялық санасын арттырды. Байқауға сондай-ақ, «ВторСыр» Қарағанды ЖШС ұжымы атсалысты.

Қарағандыдағы Шөкәрім атындағы №12 гимназияның география және экология пәні мұғалімі Рысалды Каженанын

айтуынша, оқушылар қағаз қалдықтары мен пластикалық бөтелкелерді тапсырды.

– Байқауға Қарағандыдағы 1-7 сынып оқушыларынан құралған мектеп командалары қатысты. Оқушылар 150 келідей макулатура жинады. Бұл жұмыстар мектеп ішінен ашылған экоклуб аясында жүзеге асты. Жиналған қалдықтардың барлығы «ВторСыр» Қарағанды ЖШС ұжымына қайта өңдеуге жіберілді. Акция арқылы оқушылар бірінші кезекте өз жерімізге, үйімізге ұқыпты қарауды үйренді. Өздерінің үлгісімен еліміздің тазалығына қамқорлық жасаудың қаншалықты маңызды екенін сезінді. Макулатура жинау барысында ата-аналар балаларын жауапкершілікке, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиеледі. Байқаудың терең тәрбиелік мағынасы осыған негізделді. Оған қоса, бұл табиғи ресурстарды сақтауға және аймақтағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Оқушылар кеңестер мен идеялар алып, Instagram желісінде 501

пост жариялап, экологиялық бағамға арқылы қаланың басқа да тұрғындарын шабыттандырды, – дейді Рысалды Кажена.

Байқау аясында «ВторСыр» Қарағанды ЖШС мамандары оқушылар тарапынан көптеген макулатура жіберілгенін атады.

– «ВторСыр» Қарағанды ЖШС 15 жыл бойы жұмыс істейді. Осы аралықта қаламызды қоқыстан тазартуға барынша атсалысып келеміз. «Таза Қазақстан» акциясы басталғалы мектеп оқушылары да макулатура және пластиктер, полиэтилендерді әкеліп өткізе бастады. Байқауға Қарағанды қаласынан 33 мектеп тобы қатысып, 3 573 келі макулатура және 540 келі пластик бөтелке жинады. Бұл нәтижелер экологияға зиянды қалдықтарды азайтуға ғана емес, сұрыптаудың маңыздылығын көрсетуге де үлесін қосты, – деп атап өтті «ВторСыр» Қарағанды ЖШС менеджері Асқар Хамитов.

Менеджердің айтуынша, акция балаларды қоршаған ортаны қорғауға, қоқыстан тазартуға үйрететін жақсы үрдіске айналды.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында балалар қалдықтарға «екінші өмір» сыйлауды үйренді. Бұған дейін облысымыздың жер-жердегі жеткіншектері республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында 110 мыңнан аса пластик бөтелкесін балмұздаққа айырбастанды. Мысалы, Майқұдық саябағында балдырғандар 50 мың бөтелке табыстап, 10 мың балмұздақ алыпты. Осы арқылы аулада шашылып жатқан бос бөтелкелер жиналып қалды. Темір-таудың кішкентай тұрғындары 45 мың бөтелке жинап, 4 500 балмұздақ алды. Шахтинскінің балалары 12 500 бөтелке тапсырыпты. Балалар пластмасс, шыны бөтелке жинау арқылы қалдықтарды қайта өңдеуге, осылайша өлкемізді таза ұстауға үлесін қосты. Экологиялық мәдениет дағдыларын үйренді. Қазіргі таңда бізге арнайы бөтелке қабылдау пункттеріне отбасымен келетіндер көп. Макулатура



тура қалдықтарын өткізеді. Демалысыз жұмыс істейтіндіктен, кез келген уақытта тұрмыстық қалдықтарды әкеліп өткізгені үшін жарна төлейміз. Мәселен, пластик – 60 теңге, қартон – 30 теңге, макулатура – 50 теңге, ал, алюминий бандаларды 300 теңгеден қабылдаймыз, – дейді Асқар Хамитов.

Қазіргі уақытта «Эко-Қаһарман» байқауы аясында әр аталым бойынша қорытынды есептер жасалуда. «Қағаз жина – ағашты сақта» және «Пластикті қолға жерат – планетаға ауа қажет» номинациялары бойынша ең үздік топтар анықталып, Instagram желісінде белсенділік танытқан топтар да марапатталмақ. Жеңімпаздарды марапаттау 13 қарашада өтеді.

– Бүгінде байқауға 5000-нан астам бала қатысуда. Байқаудың басты мақсаты балалар мен жасөспірімдерді қалдықтарды сұрыптау дағдыларына үйрету. Оларды қағаз қалдықтары мен пластикалық бөтелкелерді жинауға тарту да басты міндеттің бірі. Күнделікті өмірде экологиялық мәселелерге саналы түрде қарап, халыққа экологиялық мәдениет пен сананы сіңіруге бағытталған. Еліміздің әрбір тұрғынын үй қожаларын сұрыптаудан бастап, электр энергиясы мен суды үнемдеуге, полиэтилен пакеттерін пайдалануды азайтуға және қоршаған ортаны қорғауға үлес қосуға шақырамын.

Байқауға қала тұрғындары, әсіресе, балалар белсенді қатысты. Алдағы уақытта осындай акцияларды тұрақты негізде өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді «Эко-Қаһарман» жобасының жетекшісі Әлия Ескендірова.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

# Экономикалық өсім мен экологиялық үйлесім

Бір-бірінен ажырағысыз әрі күн тәртібінен түспейтін ғасыр тақырыбы. Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «жасыл экономиканы» дамыту мәселелеріне тоқталып, оған ден қоюға үндеді.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Президент пәрмені

«Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек. Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет. 2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс. Біз «жасыл экономиканы» дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз», – деп тапсырды Мемлекет басшысы өз Жолдауында.

Әлбетте, бұл бағыттағы міндеттер экологиялық ахуалды жақсартуға, халықтың өмір сапасын арттыруға және Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағыт алды. Қарағанды облысы да экологиялық мәселелерді шешуге белсене кірісіп, «жасыл» экономиканы дамытуда талпыну үстінде.

Қазақстан әсте-әсте – таза энергетикаға бет бұруда. Президенттің энергетикалық тиімділік саясатын қайта қарау тапсырмасы – елдің тұрақты дамуы мен «жасыл» экономикаға көшудің сенімді қадамы деп бағамдасақ, шындыктан шылбыр үзбейміз. Бұл бағыттағы шаралар тек экономика мен экологияны жақсартумен шектелмей, болашақ ұрпаққа таза, қолайлы орта қалдыруға мүдделі екендігін ұмытпаған абзал. Осы ретте Қарағанды облысы бастаған өңірлердің экологиялық мәселелерді шешуге әрі қарамағымыздағы ресурстарды үнемдеуге қосқан салымы республикамыздың дамуына сеп болады. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу арқылы біз өмір сапасын арттырып, әлемнің таза энергетикаға көшу жолындағы көрсеткішін еселей аламыз. Қазақстанның болашағы жарқын және тұрақты даму үшін әрбіріміздің үлесіміз маңызды.

**«Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек. Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет. 2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс. Біз «жасыл экономиканы» дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз», – деп тапсырды Мемлекет басшысы өз Жолдауында.**

## Экологиялық міндеттер

Қасым-Жомарт Тоқаевтың кейінгі Жолдауларында Қазақстанның экология және «жасыл экономика» саласында атқаруы тиіс негізгі міндеттер атап көрсетілді. Мәселен, Мемлекет басшысы өнеркәсіптік кәсіпорындардан шыққан зиянды қалдықтарды барынша азайту, жасыл технологияларды енгізу, орман қорын көбейту әрмен қарай елді мекендерді қорғаландыру сынды іргелі түйткілдерге зер салды, мән берді. Президент алға қойған міндеттер еліміздің барлық өңірлерінде, соның ішінде өндірісті аймақта да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Қарағанды – Қазақстанның индустриалды жүрегі болғандықтан, оның экологиялық жағдайы мен табиғатқа тигізетін әсері еліміз үшін ерекше маңызға ие.

Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар, өндірістік қалдықтар және су көздерінің ластануы – аймақтың негізгі экологиялық проблемаларының бірі. 2022 жылы облыста ауаға 500 мың тоннадан астам зиянды заттар шығарылған. Бұл көрсеткіш жылдан жылға кеміп келеді. Өкінішке қарай, қазыналы Қарағанды отанымыздағы ең ластанған аймақтар қатарынан түспей келеді. Сондықтан, экологияны жақсарту шаралары аса өзекті.

Қош, делік, қоршаған ортаға қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыру – кейінгі ұрпаққа аманат етілген қастерлі парыз. Ұмытпаймыз дегенімізбен ұмыт қалдыра беретін әдетіміз де жоқ емес. Алдымен, жанашырлық пен жауапкершілік жолымен ғана болашаққа жарқын жол салынары айdan анық көрінеді. Осындайда Аристотельдің «Табиғатты аяламау – алдымен адамға, содан кейін адамзатқа қарсы қылмыс» деген сөзі ерікті-еріксіз еске түседі. Біздің жеріміз, ауамыз және суымыз таза болу үшін бірлескен күш қажет. Себебі, әрқайсымыздың іс-әрекетіміз елдің экологиялық болашағына ықпал етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларындағы маңызды міндеттер тек экологиялық емес, сонымен қатар, әлеуметтік және экономикалық жаңғыруға бастайтын бірегей бағыт. Әр өңірдегі әр азамат экологияны жақсартуға үлес қосқан жағдайда еліміз таза әрі жайлы, жеруық мекенге айналады. Ұрпаққа қалдырар мирасымыз – табиғатымыздың тазалығы болмақ керек.

## Өңірдің «жасыл» өмірі

Айтуын айтып, жазуын жазып келеміз. Облыста экологиялық жағдайды едәуір жақсарту мақсатында бірнеше маңызды шаралар қолға алынды. Облыс әкімдігі мемлекеттік тапсырыс аясында бірқатар жаңа бағдарламаларды жүзеге асыру үстінде. Жаңартылатын энергия көздерін жаңғырту негізінде күн және жел энергиясын тиімді қолдану үшін бірнеше жоталы жоба іске асырылды. Бірнешеуіне тоқталып кетелік. Мысалы, Балқаш маңындағы күн

электр станциялары жылына 10 МВт энергия өндіреді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі өкілдерінің таратқан деректеріне сүйенсек, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында жаңартылатын энергия көздерін күн электр станцияларының белгіленген қуаты 2,3 гигаваттан асқан. Оның ішінде ең көп көлемі 1,15 гигаватт қуатпен күн электр станцияларына тиесілі. Енді оларға энергожүйенің жаңа нысаны Қарағанды облысы Балқаш қаласынан 10 шақырым қашықтықта салынған Kaz Green Energy компаниясының күн электр станциясы қосылды. Жаңа буынды панельдерінің қуаты басқа қазақстандық станцияларда қолданылатын панельдерге қарағанда орта есеппен екі есе жоғары, бұл электр станциясының ауданын азайтуға мүмкіндік берген.

## ЭКОНОМИКА МЕН ЭКОЛОГИЯ

2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс



2022 жылы облыста ауаға 500 мың тоннадан астам зиянды заттар шығарылған




Быттыр облыс көлемінде өндірілген электр энергиясының 15%-ы жаңартылатын энергия көздерінен алынды



Бұл көрсеткіш 2025 жылы 25%-ға жетеді деп күтілуде



Алдағы бес жылда өңірдегі ауа сапасы кемінде 30%-ға жақсарып, биологиялық әртүрлілік қалпына келеді



Сингапурдың зауыттары технологияларды пайдалана отырып, қалдықтарды терең өңдейді



Осы жолмен қалдықтарды жоғары температурада жағу арқылы энергия өндіреді



Қалдықтарды жағу барысында өндірілген жылу энергияға айналып, бұл электр қуатын өндіру үшін қолданылады



Орман отырғызу және қорғаландыру ісіне келсек, аймақта орман көлемін арттыру жұмыстары басталып, алдағы бірнеше жылда 5 миллионнан астам ағаш отырғызу межеленген. Бұл шаралар ауаның сапасын жақсартуға және климаттық өзгерістерге бейімделуге көмектеседі. Бұл орайда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» атты жалпымұлттық кешенді акциясы адам айтқысыз, көз сенгісіз нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Өндірістік қалдықтарды тиімді басқару. Облыс аумағындағы ірі өнеркәсіп орындарына жаңа технологияларды енгізу арқылы зиянды қалдықтарды азайту міндеті қойылды. Мысалы, «Qarমে» компаниясы өзінің өндірістік процесінде көмірқышқыл газының шығарындыларын 30%-ға дейін қысқартуға міндет алды.

## Сингапур сыры

Тұрмыстық қалдықтарды өңдеуде өте тиімді әрі заманауи инновациялық тәсілдерді қолданатын бір ел бар. Айтсақ, сене қоймасыңыз кәдік. Ол – Сингапур. Бұл қала қалыбындағы ық-

шам әрі жинақы мемлекет үкіметі тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мен өңдеуде таңғажайып нәтижелерге қол жеткізген. Сингапурда қалдықтарды жинау кезінде тұрғындар мен кәсіпорындардан түрлі қалдықтарды (пластик, қағаз, шыны, металл) сорттауға арналған арнайы контейнерлер мен жәшіктер қойылған. Бұл жүйе қайта өңдеу үшін жинақталған материалдардың сапасын арттырады. Мұндайда «бізде де қойылған» деген уәж айтармыз. Ғажабы сол, Сингапурдың қалдық өңдеу зауыттары заманауи технологияларды пайдалана отырып, қалдықтарды терең өңдейді. Олар органикалық қалдықтарды компосттаумен айналысады. Ал, өзге қалдықтарды жоғары температурада жағу арқылы энергия өндіреді. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жағу барысында өндірілген жылу энергияға айналып, бұл электр қуатын өндіру үшін қолданылады. Бұл үдеріс экологиялық тұрғыдан тиімді. Өйткені, ол қалдықтарды азайтып қана қоймай, энергия ресурстарын да қоса ұсынады. Бұған қоса, Сингапур үкіметі тұрмыстық қалдықтарды азайтуға бағытталған түрлі бағдарламаларды жүзеге асырады. Мысалы, тұрғындарды

**Облыс әкімдігі мемлекеттік тапсырыс аясында бірқатар жаңа бағдарламаларды жүзеге асыру үстінде. Жаңартылатын энергия көздерін жаңғырту негізінде күн және жел энергиясын тиімді қолдану үшін бірнеше жоталы жоба іске асырылды.**

«қалдықсыз өмір» стиліне ынталандыратын түрлі науқандар жүргізілуде. Әрмен қарай, Сингапур үкіметі экологиялық технологияларды дамытуға инвестиция салып, стартаптарды қолдайды, оларды қалдықтарды өңдеу және қайта пайдалану бойынша жаңа шешімдер мен тәсілдерді табуға ынталандырады. Осы бірегей шаралар Сингапурды қалдықтарды тиімді өңдеу бойынша әлемдегі жетекші елдердің біріне айналдырды, тұрғындардың экологиялық сана-сезімін арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі. Өзге елдің тиімді жобасы, атамекенімізге жарқын мысал. Келе-келе осындай тап-тұйнақтай межеге ұмтылғанымыз алдымен өзімізге пайдалы.

## Көрсеткіш көңіл көншітеді

Өңірдегі экологиялық шараларға ұйытқы болып жүрген салалық басқарма мен департамент өкілдерінің байыпты бастамаларына да жұрт қуагер. Жоғарыда біз тілге тиек еткен бірқатар жобалардың арқасында аймақта «ө деген бетте ауа сапасы жақсарып кетті» дей қою әлі ертерек болар. Дегенмен, қорғаландыру көлемі артты. Бүгінде 2023 жылы

**Қасым-Жомарт Тоқаевтың кейінгі Жолдауларында Қазақстанның экология және «жасыл экономика» саласында атқаруы тиіс негізгі міндеттер атап көрсетілді. Мәселен, Мемлекет басшысы өнеркәсіптік кәсіпорындардан шыққан зиянды қалдықтарды барынша азайту, жасыл технологияларды енгізу, орман қорын көбейту әрмен қарай елді мекендерді қорғаландыру сынды іргелі түйткілдерге зер салды, мән берді. Президент алға қойған міндеттер еліміздің барлық өңірлерінде, соның ішінде өндірісті аймақта да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Қарағанды – Қазақстанның индустриалды жүрегі болғандықтан, оның экологиялық жағдайы мен табиғатқа тигізетін әсері еліміз үшін ерекше маңызға ие.**

тал егу бойынша жоспарланған 5 миллион ағаштың жартысына жуығы жерініп кетті. Сонымен қатар, жыл соңына дейін атмосфераға шығатын зиянды заттар көлемін 10%-ға қысқарту көзделіп отыр.

Күн және жел электр станцияларының үлесі жылдан жылға өсіп келеді. Быттыр облыс көлемінде өндірілген электр энергиясының 15%-ы жаңартылатын энергия көздерінен алынды. Бұл көрсеткіш 2025 жылы 25%-ға жетеді деп күтілуде. Экологиялық тиімді жобаларға жұмсалған қаржы көлемі де артып келеді. Жаңа экологиялық кодекстің стратегиялық игілігі орасан. Биыл аймақтың экология саласына 30 млрд теңге шамасында қаражат бөлінді.

Эколог мамандар мен сарапшылардың айтуынша, облыстағы экологиялық ахуалды жақсарту бағытындағы шаралар оң нәтиже бере бастаған. Мысалы, эколог Айман Құлатаева-ның пікірінше, облыстағы орман отырғызу және «жасыл энергетика» жобалары ауаның сапасын жақсартуға игі ықпал етуде. «Жасыл экономикаға» көшудің маңыздылығын атап өткен мамандар бұл шаралардың өңірдің табиғи тепе-теңдігін қалпына келтіруге көмектесетініне сенімді.

– Болжам бойынша, осы қарқын сақталса, алдағы бес жылда өңірдегі ауа сапасы кемінде 30%-ға жақсарып, биологиялық әртүрлілік қалпына келеді. Бұл өзгерістер өңірдің экологиялық тепе-теңдігін сақтауға және халықтың өмір сапасын арттыруға септеседі. Осындай жетістіктерімізді әрі қарай дамыту – біздің бас міндетіміз деп есептейміз. Мақсатымыз – өңірдегі экологиялық тепе-теңдікті сақтап қана қоймай, оны айтарлықтай жақсарту. Соңғы жылдары қабылданған шаралар өз нәтижесін бере бастады. Бұл тек экологияға ғана емес, сонымен бірге бұқара халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға да тікелей ықпал етеді. Әрбір тұрғын таза



Президент тапсырмасын орындай отырып...

ауамен тыныстап, табиғаттың байлығын сақтауға үлес қосады деп сенемін, – дейді Айман Зару-ханқызы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары аясында Қарағанды облысында экология және «жасыл» экономика саласында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Өңірде жүзеге асырылып жатқан шаралар табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруге, қарапайым тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Алайда, экологиялық ахуалды түбегейлі өзгерту үшін ұзақ мерзімді және жүйелі жұмыстар қажет. Сарапшылардың пікірінше, Қарағанды облысы осы бағыттағы міндеттерін табысты орындаса, болашақта экологиялық таза, тұрақты дамыған аймақтардың қатарына қосылу мүмкіндігіне ие болады.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша тағы бір сарапшы Ләззат Қайратқызының айтуынша, өндіріс орындарының экологиялық жауапкершілігін арттыру өміршең кадам.

– Егер әрбір өндіріс орны өзінің шығарылымдарын азайту бойынша міндеттерін орындай-



## • ТАНЫМ

# Поэзия – жоқтан бар болудың негізі

Біз алғы бір сөзімізде Абай мен Михаллис тұлғаларын көне гректік «Пара-деуш» терминінің мән-мағынасына сай қатар қойып салыстыруымыздың өзіндік құқықтық себебі бар еді. Екі атаулы тұлғаның ұлты да, ұлысы да, ортасы да, ордасы да бөлек, бірақ негізі бір – екеуі де адам болып өмір сүруге жаратылған адамзаттың нәсілі.

Аңызға сенсек, Жаратушы адам рухына «халық қылам, жерді мекен қылып берем, тек онда адам болып өмір сүруге тиістісің. Жақсылықты тірек қылып жасаған ісіңнен зарар шығып кетпесін ойла, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бойыңа ғылым, ғадалат, рахым дарыттым, олардың басын бұрғызып, өзге жолға салып жіберуші болма, қайта өз халіңше гүлдендіріп, көмәлатқа жеткізбек ізденіс жолында бол. Бұларсыз іс – іс емес» деп шарт қойған.

Адам баласының осынау кемел келісімінен жаралғаны анық іс екендігіне «Алаш» терминін талдасақ, анық көз жеткіземіз. Алаш терминіндегі индо-европейлік «AL» түбірі сабақты етістіктерде адам баласын сәби, нәресте кезінен кемеліне жеткізуге байланысты барша қызметтерді белгілейді («Этимология» 1967 ж. 36 б.).

Біздің дәуірімізге дейінгі IX-VI ғасырдағы Урарту тілінде де адам баласының өсіп-өнуіне қатысы бар етістікті көреміз «Al (a) d/tu» – қамқор болу, жарылық, сақтау, аяу, есіркеу (Г.А.Меликишвили. Урарту тілі. 66 б.).

Адамзатта аналық символын білдіретін көкірек өсімдігі Серб-кroat тілінде «Ala» сөзімен аталады («Этнографическое обозрение» журналы 1900 жыл №1-2. «Заметки по истории народной ботаники» М.А.Дыкарева).


Бұрынғы гот тілінде алап – өсу, көне ағылшынша алап – асырау, ескі исланд тілінде ала – асырау, өсу, өну.

Орыста «Алаборить» – реттеу, тәртіпке келтіру. «Алабори» – қарызға несиеленген адам уақытылы қайтармағанда, дүние-мүлкін тәркілейтін, сот қызметкері, латында ала – қанат және эскадрон атауы.

Қазіргі қазақ тіліндегі «Қоңырат» термині байырғы заманда «құнғұрат», «қоңғұрат», «хунғұрат» болып таңбаланыпты. Исланд тілінде «хондрад» – жүз, сотия. «Сотия» мен «жүз» терминдерінің мағынасы – саны анықталмаған көпшілік, жұрт. Орыста «старик» сөзінің мағынасы жүз басы. Мұндағы «фрик» – басшы, «ста» – саны анықталмаған жұрт, белгісіз көп.

Ахмет ханның кезінде аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскерді үш жүз басы билепті. Әр жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болған. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтуғыны – сол.

Жаңағы жүздіктің жиналыс кеңесін «mallus», яғни, «халықтық кеңес» деп атаған. Мұндағы «Mal» – келісім. Арғы қазақта осыдан келісімнен сұрау салу формуласы шыққан: «Мал-жан аман ба?» Яғни, жаратушы мен екі ортадағы



Коллаж: Асият Ш.Адамбеков

келісімнің шарттарын сақтап, адам болып құмыр кешіп жүрмісің?

Ескі шумерде «b» санын таңбалайтын белгі «Аш» деп оқылыпты. «Алты» саны теософияда адам деген ұғымды береді. «Алты алаш» – жетілген, кемеліне жеткен адам баласы.

Урартуда «ұлы», «маңызды» деген мағынадағы «Al (a) s (u) in i/e» сын есімнің қазақтың «Алаш» ұғымымен бір екендігін Абайдың «Алаш» терминін «халық», «қазақ» ұғымы ретінде қолдануы растайды.

Алаш сөзінің түбірі болып тұрған «AL» етістігі этруск тілінде «беру», «сыйлау» деген мағынаны көрсетеді. Адам баласының үзілмес нәсіліне өмір сүру құқығын берген бар қылушыны «Сый» деп аталғанын П.Чаадаев бекітеді.

Өмір Алла сыйы деген ой алғаш «Алпамыс» эпосында айтылған. Байбөрі мен жары Аналық жасы келіп қалған шақта Алладан перзент сұрап әзіреті сұлтанды іздеп шыққанда Жаратушы оларға бір ұл, бір қыз сыйлайды. Қызының аты – Қарлығаш, ұлының аты – Алпамыс.

Этруск тілінде «Alru» сөзі «сый» деген мағына береді, қазақтың «Алпамыс» сөзінің мән-мағынасы «адам баласына сыйға берілген өмір сүру құқығы».

Қызыл тіл де Жаратылыс заңының сыйы. Сол себептен, ел ақтаған ақындыққа құмарларға Абай: «Сый дәмепте, берсе алма еш адамнан, нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан? Сүйсінерлік адамды құрмет қыл, аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан».

Қазақ атауын да мемлекеттік мәртебесі бар көне құқықтық терминнің қатарына жатқызуға тиістіміз.

Шумерлердің «Ka za num» сөзінің мағынасы «ауыл ағасы, басшысы» дегенді білдірсе, иврит тілінде Kazak –

«мықты» дегенді сипаттайды.

Қырық рудан жиналған, қырық қалалардан құралған шумерде оқығандар мемлекеттік басқару жүйесіндегі билікті «bala» атты құқықтық қағида негізінде кезек-кезек алмасу жолымен атқарып отырған.

Банту халқының зезура тайпасының тілінде bala етістігі «жазу», «оқу» деген мағына беретіндіктен, шумерлерде алғашқы қоғамдық, мемлекеттік бюрократиялық билік білімді «bala» тобынан басталған.

Осынау «bala» қызметкерді М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында кездестіреміз: бала шәкірт – Абай, бала жігіт – Жиренше.

Бұрынғы қазақтық құқықтық терминдерін Еңсегей бойлы Есім ханның ескі жолы деген бірліктен де табуға болады.

«Бойлы» термині көне түркі тілде «сот, би, судья» деген мағына берсе, «еңсегей» сөздің түбірі «еңсе» – патша деген мәртебеде шумерлерде пайдаланылған. Ескі жол – ескі сөз, заң.

Қазақтың ауыз әдебиеті «Қарға тамырлы қазақпыз» деп бекер айтпаған ғой. Өмір сүру құқығын іс жүзінде іске асыруға қызмет ететін өсіп-өну қағидасын мықты сақтаған ескі тілдегі «каригинак» сөзінің мағынасы – шок қайың.

Қарға бойлы Қазтуған есіміндегі «қарға» да ақ қайың, ағаш. Қазтуғанның есіміндегі «қарға бойлы» – биік, әділ, рахымды, мейірімді сот деген мағынада қолданылуда. Қайың ұшар басы үкідей шоктанып, биік бойлап өседі. Ол орманның басқа ағаштары өсе алмайтын жерлерде де тез өсіп-өнеді де, қайыңның тамыры мықты, берік болып бітеді.

Зангер, тіл ғылымының білгірі В.Гумбольдтың жинағындағы тағал тілінен

алынған «to bo» сөзі сияқты қазақтың төбе би термині өсімдік әлемінің өсіп-өну заңына сәйкес жаралған.

Тағалда «to bo» – өсімдіктің жер бетіне өсіп-өніп шығуы. Ново-зеланд тілінде «to» – өмір.

Төбе би – өмірдің гүлденуі, әркімнің бойындағы ғылым, рахым, ғадалатты гүлдендіруі, кемелдікке жеткізу жолындағы аласпай тура ізденгені. Бала биден төбе биге жетілу.

Швед тіліндегі «bala» етістігінің мағынасы – құстың ұя салуы. Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің.

Ағылшындық ғалым Сэр Генри Джеймс Самнер Мэн көне рим құқығын сот (bench) емес, бағ деп аталатын еркін құқық қайраткерлері қалыптастырған дейді. Ғалым А.Милитареваның пікірі бойынша шумерлік «bar» мен сабейлік «bgt» сөзінің мағынасы бір – жол аршу, жол ашу, жол шығару.

Бала шәкірттіктен соңғы төбе би болып өсіп жетілген біздің Абай үшінші кара сөзінде Алаштың бала билері де қазақтың ескі сөзін осы жолмен жетілдіріп отырғанын атап өткен.

М.Әуезов Абайдың «Ортаға көп салдым, өзімде барымды. Япырмау, неңді алдым, сау қоймай арымды?» деген сөзін роман-эпопеясына қазық қылады. Оны автордың эпопеяны «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне бала шәкірт барын салды» деп бастағанынан-ақ байқайсыз.

Тіл төресі Н.Маррдың талдауы бойынша «bar» сөзінің мағынасы – бүкіл ұжымның мүшесі, әр адам өз халқын.

Қазақ «bar» сөзін «bai» терминімен қоса «bai bar» деп айтатын, ол «байлық-барлық» түрінде сақталып қалған.

Шынында да, ақылы, көңілі, білімі, көргені, сезгені бай болмаса несиін айтпақ, несиін салмақ, сол себепті, қазақ «Бар – барын айтат, жоқ – зарын айтат» деген.

Көне еврей тіліндегі Инжілдегі «Бар» етістігінің мағынасы – жоқтан барлыққа келтірді. Адамзатты бар қылушы, – жаратылыс заңы. Мекен берген, халық қылған – бір үлкен құдай.

Көне грек сөзіндегі «poesia» терминінің мағынасы жөніндегі түсіндірмеде Платонның пікірі келтірілген: «Всякая причина перехода из небытия в бытие есть творчество» – жоқтан бар болудың әр себебі шығармашылық.

Шынында да, мына көзге көрінген бар тіршілік, табиғат, бар мен жоқ жаратылыс заңының туындысы, шығармасы, ғылымы.

Ғылым шығару мен өлең жазудың айырмашылығын анық аңғарған Абай да айтқан: «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбепіз, көзбен көріп, ақылмен біліп» деп.

Шын шығарманың жалғыз авторы – Алла тағала. Поэзия патшасы! Алғашқы ақын! Соңғысы да – сол!

Марат АЗБАНБАЕВ

## • ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

## Ұлттық сананы қайтіп қорғаймыз?

Жаһандану хәм руханият. Бұл тақырып – кім-кімді болсын, ойландыратыны ақиқат.



Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оған тасыр қоғамның екпінімен қоса келген түрлі сын-кәтерлерді қосыңыз. Асылы, айтпағымыз – қазақ танымындағы дулығалы дәуірлерден бермен қарай ойысқан төл танымымыз бен заманауи қоғам арасындағы алшақтық. Жасырағы жоқ, жаһандану мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықты бәсеңдетіп, жастардың батыс мәдениетіне еліктеуін күшейтті. Бұл ұлттың тарихи тамырларына деген қызығушылықтың төмендеуіне, халықтың ұлттың өзіндік ерекшеліктерінен ажырауына әкелуі қадір қой.

Білім беру саласындағы оқылқықтар де руханияттың қоңырауып қалуына ықпал етуде. Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық әдебиет, тарих пен мәдениетті оқыту көбінесе формальдық сипатта өтіп жатқанына назарқау білдіреміз. Студенттер қазақ классиктерінің шығармаларына терең ойлар мен ұлттық болмысты сезінуден ада қалып жатады. Сайып келгенде, үстірт білім беру үдерісі ұлттық сана-сезімді шындап ұялата алмайды.

Сонымен қатар, қазақ тілінің қазіргі ахуалы да күрделі мәселелердің бірі. Тіл ұлттық руханияттың өзегі болғандықтан, оның қолданыс аясының тарылуы рухани әлемі кеңістігінің тарылуына әкеп тірейтіні айдан ашық көрінеді. Мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған бағдарламалардың көптігіне қарамастан, қазақ тілі қоғамның барлық салаларында толық орнығуы мұратымызға айналса керек-ті. Бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі ресми тілде таратылып, сөзбе-сөз жалаң аудармамен шектеліп жатады.

Бұл сын-кәтерлерді еңсеру үшін кешенді де нақты шаралар қабылдау қажет. Алдымен, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда шығармашылық орта мен білім беру жүйесіне басымдық беру аса маңызды. Екіншіден, мемлекет пен қоғамның бірлескен күшімен қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтіп, оны тек күнделікті қарым-қатынас тілі емес, ғылым мен технологияның тілі ретінде дамытуға қолға алу керек. Үшіншіден, қазақ руханиятын әлеуметтік желілерде және заманауи медиа платформаларда насихаттау арқылы жастарға жақындатуға да рухани жаңғырудың бір жолы болуы мүмкін.

Қазақ руханиятын сақтау және дамыту тек қана жеке адамдардың емес, бүкіл қоғам мен мемлекеттің ортақ міндеті екені анық.

## • ТАҒЫМ

# Асыл дос, абзал азамат

Билығы қыркүйек жанымызды жабырқатып, күз ызғарын ерте сезіндірген секілді. Қырық жыл сызат түспеген достығымызды шорт үзіп, ортамыздан абзал азамат, сыршыл ақын Зағыпар Шәкентаевты алып кетті...

Жайсаң жан, қимас дос Зағыпар Шәкентаевтың жаназасында тұрып, ақын жүрегінің сырын ұқтырған:

Қыз-ғұмыр дәурен,  
қызықты күндер,  
Ғайып боп қайда кеттіңдер?!  
Сағынып күтіп, зарыққан

кезде  
Сарғайған күз боп жеттіңдер,  
– деп күбірлеп, қайран Зақанның «Қыз-ғұмыр» өлеңін оқып тұрдық. Қоңыр күздің бой мұздатар салқынын сезіндік. Кешегі Зақанмен бірге өткізген жалаулы күндеріміз, қызықты сәттеріміз – өміріміздің көктемінде деген сағынышымыз маздап, жүрегімізді сыздаптып жіберді...

Бұл кезде ақын ағасы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқар: «Сұм ажал менің де буынға, ізетті інілеріме де ауыз сала бастады – фәниден бақиға Сарыарқаның аяулы азаматы Зағыпар Шәкентаев көшіп барды! Жанымыздағы Жанаарқа ғана емес, мынау ұлан-байтақ Сарыарқа Зағыпарымен асақ еді! Биік еді! Ажарлы



да, базарлы еді! Сері еді – Сәкен көкесінде! Алаштағы сұлуды, адамзаттағы жылуды жаны қалмай сүйіш еді!», – деп күңіреніп тұрған. Елі егілді. Арқа жұрты аңырап қалды. Жампозынан айырылған Жаңаарқа жабырқап, Қа-

рағанды қамықты.

Міне, өмірден осындай азамат өтті. Сыршыл ақын еді. Қаламы қаңтарылды. Абыройлы азамат еді. Көшін доғарды. Әдемі әзіл, қазақы қалжыңға шебер еді. Енді ешкімді күлдірмейді, өзі де жы-

мып күлмейді... Қандай ауыр?!

Осындай асыл дос, абзал азаматтан мәңгіге көз жазып қалғанымызға да 40 күн өте шығыпты. «Атқан оқтай, шапқан аттай» жүйткіген қайран уақыт бізге Зақанды ұмыттырғысы келгендей зымырандай зулайды. Бірақ, біздің жүрегіміздегі Зақанның асыл бейнесі, азаматтық болмысы ұмытыла ма? Жоқ! «Тау алыстаған сайын биіктей беретіні» секілді, біздің серілік ғұмыр кешсе де, сертке берік, досқа адал, жарға аяулы, ұрпағына асқар таудай таяныш болған асыл досымыздың жарқын бейнесі ешқашан көмескіленбейді.

Қырық күн! Аз да, көп те уақыт емес. Зақанды сағындық. Күн көрмесек – күлкісің сағынып, ай көрмесек – аңқылдаған пейілін аңсайтын асыл досымыз еді ғой... Өз ортамызды күлкіге қарық қылып, қалжыңмен қағытып отыратын қайран, Зақан!

Кеше ғана Қарағанды төрінде шағын футболдан Арқа өңіріне аты мәлім аптал азамат, аяулы досымыз, белгілі зангер Балапан Әбенәт еске алуға арналған ашық турнир дүркіреп өтті. Алыс-жақыннан барлық достарымыз жиналып, мәре-сәре болды. Алайда, ортамыз оқырап тұрды. Зақанның қалжыны айтылмады. Ол өлең оқыған жоқ. Орта-

мыздың да, көңіліміздің де олқы тұсында Зақанның күлімісіреген бейнесі тұрды.

Иә, Зағыпар Шәкентаев – бар саналы ғұмырын шығармашылыққа, өңіріміздің білім беру, мәдениет, әлеуметтік сала қызметіне арнаған абыройлы азамат, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы. Ол ұзақ жылдар бойы қазыналы Қарағанды аймағының білім беру саласында қызмет етіп, басшылық қызметтер атқарды. Бұқар жырау ауданының білім бөлімін, Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін басқарды. Қандай қызмет атқарса да, асқан жауапкершілікпен, іскерлігімен дараланып, мемлекетшілдігімен танылды. Бойын қалай жинақы, таза ұстаса, қызмет барысында да сол жинақылық пен тазалықтан айныған жоқ.

...Өзінің бір өлеңінде: «Мені ақын деп айтпаңдар, өтінемін», – деп жырлап, ақындықтың киесін дүниенің бар құндылығы мен құдіретін биік қойып өтті. Бірақ, ол ақын еді. Сыр тұнған, мөп-мөлдір лирикалық нірмдерге толы «Керқұла көңіл, керемет күндер» атты жыр жинағы әдеби ортаның лайықты бағасын алып, бірнеше өлеңдеріне ән жазылды. Сонда да ол «Ақынмын!», – деп айтуға қаймығатын. Зақанның мұнысы

– жақсы ақынның алдындағы жасықтығы емес, өлеңге деген құрметінің жоғарылығы еді.

Арын таза ұстап, арманын аялай білген аяулы азаматтың кіршіксіз таза болмысы мен дара жаратылысы төңірегін еріксіз өзіне баурап алатын. Кешегінің салдарындай салтанат құрып, серілерінде сергек ғұмыр кешті. Өзінің өлеңдерінде мөлдір деп, шынайы ғұмыр кешкен асыл дос, абзал азаматтың нұрлы жүзін енді қайтып көрмейтініміз қандай өкінішті?!

Серағанның (Ақсұңқарұлы) «Сұм ажал біздің де буынға аузын сала бастады» дегенінде, ажалдың ауыр артиллериясы біздің де ортамызды ойрандауды бастады. Балапанның (Әбенәт) базары тарқап, Мейірханнның (Адамбеков) ән-ғұмыры келтесінен үзілген, есеніреп қалған едік. Енді ес жия бастағанда, Зағыпар достың қазасы қабырғамызды қақыратып кетті. Аман нешік...

Өңге айналған Алуасына (Алаугұл), бағын еселеп, бақытын үстем еткен бала-шаға, бауырларына Алла ғұмыр берсін!

Сенің жымияған күлкің жанымызды жадыратып жіберуші еді. Сол күлкіңе зар болдық-ау, Зақа!

Бақұл бол, қимас бауыр, сыйлас дос!

Бір топ жолдастары.

• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Ұлттық дүниетанымды қалай сіңіреміз?

Қазақстанның көргенін көріп, жеткеніне жетіп, байыбына барған Шәкен апаларының бүгінгі жастарға айтары көп. Менің заманымнан бұл заман әлдеқайда өзгеше, бірақ, адамдықтың, отансүйгіштіктің, тәрбиенің құны ешқашан өзгермек емес.



Алдымен, бұл күнгі жастар тәрбиесінің ақсаған тұстарына тоқталсақ. Қазіргідей ақпараттық дәуірде жасөспірімдер тәрбиесі қоғамның өзекті мәселесіне айналды. Әлеуметтік желіге зер салсаңыз, өскелең бозбала мен қыздардың ашық-шашық қалыпта бой көрсетуі жүрегімді ауыртады. Желіге өз атын шығармаққа, даңғаза шоу жауау – осы жат көріністердің дені былайғы көпшіліктің санасын арбайтын жағымсыз жайттарға айналып барады. Бұрын қазақ қызының тәрбиесінде ибалық, қарапайымдылық, ұят, үлкенді сыйлау деген түсініктер тұратын. Ал, қазір ше? Бірі «еркіндік» деп, бірі «заманауи өмір» деп халқымыздың ізгі қасиеттерін бірте-бірте жоғалтып жатырмыз. Қыздарымыз көкек, ұлдарымыз көбелек болды.

Үйретуіміз керек. Мектептердегі пәндерді қайта қарап, тарих, әдебиет, қоғамтану сабақтарында патриоттық тәрбие беруге ерекше мән беруіміз қажет. Бүгінгі жас ұрпақ ұлттық тарихын, салт-дәстүрін білмесе, тамырынан ажырап қалады. Сондықтан, мектептерде, оқу орындарында, қоғамда ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттаудың мәні зор. Қыз бала – болашақ ана. Анадан қоғам тәрбие алады. Сондықтан, қыз балаларға ибалықты, әдептілікті кішкентайынан сіңірген ұлттың өсіп-өркендеуіне септігін тигізеді. Оларға ұят, ар-намыс, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық көрсету секілді қасиеттерді үйреткеніміз абзал. Ер балаларымыздың да бойындағы қайсарлық, жауапкершілік қасиеттерін дамытсақ, ұтпасақ, ұтылмаймыз. Оларға ерлік туралы аңыздар, батырлар жырлары, ата-баба ерлігі үлгісінде тәрбие берсек, олардың бойына жігер, отансүйгіштік рухы дариды. Баланы тек мектеп тәрбиелемейді, оны ата-ана да тәрбиелеуі тиіс. Ата-аналар бала тәрбиесінде белсенді болуы керек. Жастарға тек байлық пен жайлылықты ғана емес, еңбекқорлық пен ізгілік құндылықтарын үйрету аға буынның қастерлі парызы.

Жастарға отансүйгіштік, елге қызмет етудің маңыздылығын ұқтыратын бағдарламаларды мемлекеттік деңгейде қолға алсақ игі. Әсіресе, әскери-патриоттық бағыттағы лагерлер, жастарға арналған ерлік, қайсарлық туралы әңгімелер, тарихтағы ұлы оқиғалар туралы ақпараттар жасалып, оларға қолдау көрсетілуі қажет. Жастар – елдің болашағы. Сол болашақтың жарқын болуы үшін біз жастардың бойына рухани байлық, патриоттық сезім, адамгершілік қасиеттерді сіңіруіміз керек. Біз тек осылай ғана мықты, бірлігі жарасқан, отансүйгіш ел бола аламыз.

Шәкен ТҰРЛЫБЕКОВА, тыл, еңбек ардагері

ҚАРАҒАНДЫ

• ҚАМҚОРЛЫҚ

Құс төресі құтқарылды

Қарағанды облысында табиғатты қорғау полициясы орман шаруашылығы инспекторымен бірлесіп, сыңарынан адасып қалған аққуды құтқарды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Оқиға былай өрбіген. Қарағанды облысының тұрғынынан Бұқар жырау ауданының Ақтау кентінде суда аққу жүзіп жүргені туралы хабарлама келіп түсті.

Алаңдаған азаматтар дереу көмекке жүгініп, құстың қиындыққа тап болғанын білген. Қарағанды облысының полиция департаментіне қарасты табиғатты қорғау полициясы жергілікті тұрғындар берген ақпаратқа жеделден қойып, Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының мамандарымен бірлесіп, құс табылған жерге дереу барды.

Бірлескен күш-жігермен құс құтқарылды. Ветеринар маманмен мұқият тексерілді. Медициналық тексеруден кейін аққуға қосымша күтім қажет екені белгілі болды. Осыған байланысты аққуды Қарағанды қаласының хайуанаттар бағында одан әрі емдеу үшін қалдыру туралы шешім қабылданды.



Сурет: Polina.kz editormain

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! / ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «18» қараша 2024 жылғы кепіл мүлкін ағылшын әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «18» ноября 2024 года по английскому методу

Table with 6 columns: № т/п, Объектінің атауы / Наименование объекта, Орналасқан орыны / Местонахождение, Кепіл мүлкінің сипаттамасы / Описание и характеристика залогового имущества, Бастапқы бағасы / Стартовая цена, Кепілдік жарна / Гарантийный взнос

Аукционға қатысуға өтінімдер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және аукцион басталғанға дейін бір күн бұрын Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет, «Банк ЦентрКредит» АҚ мекенжайы бойынша аяқталады.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416, в АО «Банк ЦентрКредит».

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!! / ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН!!!

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ «18» қараша 2024 жылғы кепіл мүлкін голландия әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «18» ноября 2024 года по голландскому методу

Table with 6 columns: № т/п, Объектінің атауы / Наименование объекта, Орналасқан орыны / Местонахождение, Кепіл мүлкінің сипаттамасы / Описание и характеристика залогового имущества, Бастапқы бағасы / Стартовая цена, Кепілдік жарна / Гарантийный взнос

Аукционға қатысуға өтінімдер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және аукцион басталғанға дейін бір күн бұрын Қарағанды қаласы, Нұркен Әбдіров даңғылы, 5 ғимарат, 416 кабинет, «Банк ЦентрКредит» АҚ мекенжайы бойынша аяқталады.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, Проспект Нуркена Абдирова стр 5, оф 416, в АО «Банк ЦентрКредит».

KazTransOil advertisement with logo and detailed text about services and contact information.

ЕСКЕРТУ (NOTICE) advertisement regarding land plots and agricultural activities.

ХАЛЫҚТЫҢ КӨСПОРНЫҒАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА advertisement for various services.

Электрондық пошта: ortalyk.kaz @mail.ru advertisement with contact number 43-21-55 and Jarname бөлімінің байланыс телефоны.



• ТУРНИР

# Жас спортшыларға жігер сыйлады

Қарағандыда қоғам қайраткері, заңгер Балапан Әбеновты еске алуға арналған футболдан жасөспірімдер арасында облыстық турнир өтті. Ел үшін қызмет еткен азамат атындағы доп додасына барлығы 12 команда қатысты. Жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне зиялы қауым мен жергілікті билік өкілдері арнайы келіп, қайраткердің есімін терең құрметпен еске алды.



лар қатары молайып келеді. Бұл жолы Ақмола, Қарағанды, Ұлытау облыстарының футболшылары қатысты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дене шынықтыру және спорт басқармасынан кубоктары, медальдары және грамоталарымен марапатталды. Сондай-ақ, Балапан Әбеновтің туған-туыстарының демеушілігімен ақшалай сертификаттар табыс етілді. Келесі жылы бұл турнир республикалық деңгейге шығады, – дейді жарыстың бас төрешісі Балғабай Нұрланов.

ERKANAT KENESBEKULY,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Еске салып өтелік, Балапан Әбеновті еске алу турнирі облыс орталығында 2018 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл турнирдің бастау алғанына 6-7 жылдың мұғдары болыпты. Осы орайда ашық турнирдің лайықты деңгейде өтуіне облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен жастар футбол мектебінің басшылығына, қайраткер азамат, қазақ руханиятының жанашыры Ерғазы Қадашұлына рияз алғысымызды жеткіземіз. Балапан Әбеновтің көзқорған замандастары да демеушілік етуде. Ақшалай сыйақы қомақты. Әлбетте, облысымызда шағын футболды дамыту әрдайым өзекті.

Биыл таңдаудан өтіп таңдалған командалар келді. Мектеп жасындағы жасөспірімдер үшін бұл тың мүмкіндік. Келер жылы біз республикалық күнтізбеге өтінім беріп, аталған турнир кең көлемде аталып өтеді деген сенім зор. Жас жеткіншектердің жігерін шыңдайтын жарыс көп болсын! – деді Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Рамазан Сәттібай.

Жарыс қорытындысы бойынша Қарағандының «Қыран» командасы алтын медальды қанжығалады. Күміс жүлдені Абай ауданынан келген футболшылар иеленді. Үшінші орынды қарағандылық «Скаут» командасы жеңіп алды.

Жарыстың деңгейі жыл өткен сайын жоғарылап, қатысушы-

• ШАХМАТ

# Тұңғыш төраға құрметіне

Қарағандыда қарт адамдарға әлеуметтік көмек айлығының соңғы күндерінде облыстық ардагерлер кеңесі өңірдің таңдаулы ардагер шахматшыларын жинап, Ұлы Отан соғысына қатысушы, кезінде облыстық телестудияны басқарып, обкомның идеология жөніндегі хатшысы болған, облыстық ардагерлер кеңесінің тұңғыш төрағасы, мемлекет және қоғам қайраткері Қали Әлібекұлы Аманбаевтың (1924-2005) туғанына 100 жыл толуына арналған шахмат турнирін өткізді.



Жарысқа 24 ойыншы қатысып, олар швейцар жүйесімен 7 турда жүлделерді сарапқа салды. Мұнда әр турдан кейін компьютер бірдей ұпай жинағандар арасынан келесі жеке-жеке иелерін анықтайды. Жарыстың ашылу салтанатында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралды Төрегожин сөз сөйлеп, Қали Әлібекұлының өнегелі өмір жолымен таныстырды.

– Қали Әлібекұлы 1987 жылдың ақпан айында, міне осы Косиподақтар үйіндегі үш бөлмеде соғыс және еңбек ардагерлерінің облыстық кеңесін құрып, ұйымның тұңғыш төрағасы болып 14 жыл қызмет етті. Тыңнан түрен салды деуге болады. Ол кезде облыста 10 мыңмен астам Ұлы Отан соғысы ардагері тұратын, содан қазір 9-ы ғана қалды, мыңнан астам тұл еңбеккерлері бар. Облыстық кеңес Қалекеннің 100 жылдық мерейтойы құрметіне түрлі шаралар ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады. Міне, бүгінгі жарыс соның алғашқысы, – деді Оралды Тұрсынұлы.

Жарыс көшін ә дегенде өткенде Сенаттың ашық кубогына қатысқан әккі ойыншылар бастады. Дегенмен, оларға ешкім оңайлықпен берісе қоймады. Үшінші турда Сенаттың облыстық кезеңінің жеңімпазы, белгілі шахматшы Геннадий Пак күтпеген жерден кателесіп, теміртаулықтардың серкесі Сергей Кулишкиннен ұтылып қалды. Бірақ одан 6-турда қарағандылық тәжірибелі ойыншы Есентай Сәрсекеев басым түсті. Өз кезегінде ол да соңғы турда Сенаттың Астанадағы ақтық жарысына қатысқан абайлық Сергей Могиладан ұтылып, жүлделі орыннан құралақан қалды.

Сөйтіп, турнир кестесін 6 ұпаймен Г.Пак бастап,

жеке-дара бірінші орынға шықты. Келесі жүлделі орындарды анықтау үшін төрешілерге «Бухгольц коэффициенті» дегенге жүгінуге тура келді. Өйткені, 4 адам бірдей 5,5 ұпаймен мәре сызығына келген еді. Бұл әзірше шахматтың көп адам қатысатын бұқаралық жарысында орындарды анықтаудың ең әділ жүйесі болып табылады, онда әр ойыншының қарсыластары жинаған ұпайларының қосындысы есептелетін болады. Үнемі көш бастаушылар сапында келе жатқан адамның жиынтық ұпайы да жоғары болуға тиіс. Нәтижесінде 2-орынға Сенат турнирінің Астанадағы ақтық сайысында барлық деңгейдегі депутаттар арасынан үздік шыққан Абай аудандық мәслихатының депутаты Бекмұрат Ағзамов шықты. Үшінші орынды оның жерлесі Сергей Могила иеленді. Бұл жолы талай жарыстарда көш бастап жүрген, соның ішінде Сенат кубогында да үздіктер қатарынан көрінген Сергей Игнатев ұпай саны бірдей болса да төртінші орынды місе тұтты, ол соңғы ойында Кулишкинді тізе бүктірді. Жүлдегерлер ақшалай сыйлықтармен марапатталды, сондай-ақ қатысушылардың барлығына жұбаныш сыйлықтары үлестірілді.

Сөйтіп, облыстық кеңес үкілеп қосқан саңлақ «сенатшылар» өздерінің табыстары кездейсоқ еместігін дәлелдеді.

**Аман ЖАНҒОЖИН,**  
**жарыс төрешісі, облыстық кеңестің жауапты хатшысы**  
Сурет автордан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Сөз бен сезімнің сырлығысындай...

Ертең Қазақстан Жазушылар одағы мен Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде Арқа ақындары мен қара шаңырақ Сәкен театры актерлерінің қатысуымен «Қарашада өмір тұр» атты поэтикалық мюзикл жиналған жұртшылыққа керемет көңіл күй сыйлайды.

Поэзия – бекзат өнер. Ол көркем әлемге дайындығы жоқ кез келген адамды жанына серік етпейді. Жыр әлемін түсіну үшін сол эстетика, сол темперамент, сол терендік, сол образдар, сол махаббат адамның әуелі ішкі жан дүниесінде болмағы шарт. Қазақтың қара өлеңіне асыл сөзден үкі тағып, адалдық пен адамдықтың нышанына айналған ақындар арқашан ел есінде.

Осымен бірнеше жыл қатарынан өткізіліп, дестелі дәстүрге айналған күсн сөз мерекесінде руханиятқа қызығушылығы бекем жұртшылыққа шайырлар сырлы өлең жолдарын, өнер иелері әсем әндерін көрерменіне тарту етпек.

Ақ жауыны бүркеген алқоңыр күзде осы бір назқоңыр кештен қапы қалмаңыз!

**Өз тілшімізден**



• БӘРЕКЕЛДІ!

# Білімі биікке бастады

Қарағандылық Владислав Горизанов «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік символы» республикалық байқауының бас жүлдесін алды. Тіл мәртебесін көтеруді мақсат тұтқан байқау Лияс Жансүгіровтің 130 жылдығына орайластырылды. Тілі де, тілегі де бір азаматтардың басын Талдықорған қосты. Еліміздің 16 өңірінен келген түрлі этнос өкілдері білімдерін ортаға салды.



ERIK NARYN,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау төрт кезеңнен тұрды. Қатысушылар шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындап, түрлі сұрақтарға жауап беруі керек. Үміткерлердің тек қазақ тілін меңгергендері аздық етеді. Байқау шарты бойынша қазақтың мәдениеті мен салт-дәстүрін де терең меңгерген болуы тиіс.

Қарағанды облыстық ішкі саясат басқармасы жанындағы «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің маманы Владислав Горизановтың бұл бірінші жеңісі емес. Ол – бұған дейін ұйымдастырылған түрлі байқауларда жүзден жүйрік шығып жүрген азамат. – Байқауда мен өзімді жыр жол-

• БОКС

# Қомсынуға болмайтын қола жүлде

Шахтинск қаласының спортшысы Расул Асанханов 2006-2007 жылдары туған жастар арасындағы бокстан әлем чемпионатында қола медаль тағынды. Боксшы 92 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде жұдырықтасты.

ERIK NARYN,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық чемпионат Будапештте (Черногория) өтті. Оған 73 елден келген 600 спортшы қатысты.

Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушісі Расул Асанханов ширек финалда қытайлық боксшы Куо Чаоны жеңді. Бірақ, жартылай финалда Озбекстаннан келген ауыр салмақтағы Халимджон Мамасолиевке жеңіліп қалды.

– Жеңіске жету үшін маған тәжірибе мен төзімділік жетпеді.

Бірақ, мұны реттеуге болады. Жаттығуды күшейткім. Әлем чемпионатына дайындық 8 айға созылды. Көптеген оқу-жаттығу жиындары мен спарринг-сессиялар өтті. Ұлттық құрамаға түсу қиын болды, – деді боксшы.

17 жастағы Руслан Асанхановтың алдағы жоспары – Қазақстан, әлем және Азия чемпионаттарында жеңіске жету. Ересектер Ұлттық құрамасының мүшесі болуды да мақсат тұтып отыр.

Айта кету керек, биыл Руслан Асанханов Астанада өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды. Спортшыны Дархан Дүйсембеков жаттықтырады.



**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Е. КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерлер: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскарлов: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 125 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС Баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**